

# ЗАМАНАУИ ӘЛЕМ КИНЕМАТОГРАФЫ КОНТЕКСТІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ КИНО МЕКТЕПТЕРІНІҢ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ

Гүлім Көпбай<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы (Алматы, Қазақстан)

**Аңдатпа.** Бұл зерттеу мақаласында Қазақстанның ұлттық киномектептерінде қолданылатын оқыту әдістемесі заманауи әлемдік кинематограф контекстінде қарастырылады. Автор кино саласына мамандандыратын жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларындағы педагогикалық тәсілдер мен әдістемелік ерекшеліктерге назар аударады. Зерттеу *нысаны* ретінде «Кинотану» және «Режиссура» бағытындағы білім беру бағдарламалары мен олардың бейіндік траекториялары алынып, олардың мазмұны мен құрылымы жан-жақты талданады. Мақалада кеңестік кино білім беру жүйесінің дәстүрлері мен әдістемелік негіздерінің Қазақстандағы ұлттық кино педагогикасына және Мәскеу мен Санкт-Петербургтің жетекші киномектептеріндегі желілік бейіндік оқытудың дамуына тигізген тарихи ықпалы сарапталады. Сонымен қатар, *салыстырмалы талдау* мақсатында АҚШ және Канада кино білім беру жүйелері зерттеліп, олардың оқу бағдарламаларының заманауилығы, икемділігі, кәсіби талаптарға сәйкестігі және мақсаттық бағыттарының анықтығы сияқты категориялар негізінде талдау жүргізіледі. Зерттеу *нәтижелері* педагогикалық тәжірибелер мен ғылыми-әдістемелік негіздердің салыстырмалы сипаттамасын қамти отырып, кино мамандықтарын оқытудағы тиімді әдістер мен жаңашыл тәсілдерді анықтауға бағытталған. Қорытынды бөлімде салыстырмалы және SWOT-талдаулар арқылы алынған ғылыми нәтижелер ұсынылады. Сондай-ақ, ұлттық кино білімінің қалыптасуына үлес қосқан тұлғалардың тарихи рөлі мен кәсіби мұрасы зерделенеді. Мақала ұлттық киномектептердегі оқыту әдістемесін жетілдіру жолдарын ұсына отырып, кино педагогикасының даму келешегіне қатысты тұжырымдармен түйінделеді.

**Түйін сөздер:** кинематограф, кино өнері, қазақ киносы, қазақ кинотану ғылымы, кинорежиссура, оқыту әдістемесі, ұлттық кино мектептер.

**Дәйексөз үшін:** Көпбай, Гүлім. «Заманауи әлем кинематографы контекстіндегі ұлттық кино мектептерінің оқыту әдістері». *Central Asian Journal of Art Studies*, т. 10, №2, 2025, 371–391 б., DOI: 10.47940/cajas.v10i2.949

*Автор қолжазбаның соңғы нұсқасын оқып, мақұлдады және мүдделер қайшылығы жоқ екендігін мәлімдейді.*

## Кіріспе

Қазіргі кезеңде кинематограф тек Көнердің бір түрі ретінде ғана емес, сонымен қатар, қоғамның әлеуметтік-мәдени құрылымын бейнелейтін маңызды феномен ретінде қарастырылуда. Киноөнердің табиғаты мен ықпалы бүгінде кинотану ғылымының шеңберінен асып, семиотика, мәдениеттану, философия және әлеуметтану сияқты түрлі гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдардың зерттеу объектісіне айналды. Белгілі бір қоғамда өндірілген фильмдерде көтерілетін тақырыптар мен көркемдік бейнелер арқылы сол елдің мәдени болмысы, экономикалық жағдайы және жаһандық коммуникация кеңістігіне ашық немесе тұйық болу деңгейін анықтауға болады.

Кино тек эстетикалық ләззат сыйлайтын көркем туынды ғана емес, сонымен қатар, танымдық, тәрбиелік және моральдық құндылықтарды сіңіретін күшке ие. Ол әрбір көрерменнің дүниетанымына, адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына әсер етіп, қоғамдық сана мен мәдени кодтарға ықпал етеді. Осы тұрғыда қазіргі заманғы кинематографиялық үдерістерді жүзеге асыратын мамандардың кәсіби даярлық деңгейі мен білім беру жүйесінің сапасы өзекті мәселелердің біріне айналып отыр.

Бұл зерттеуде автор «Режиссура» және «Кинотану» мамандықтары бойынша заманауи білім беру бағдарламаларының кәсіби және философиялық өлшемдерін қарастыра отырып, олардың болашақ маман тұлғасының қалыптасуына ықпал ету мүмкіндіктерін айқындауға ұмтылады. Атап айтқанда, білім беру мазмұнының мамандықты терең философиялық тұрғыдан ұғыну мәселесіне қаншалықты мән беретіні зерттеудің негізгі назарында болады. Мәселен, Стокгольм университетінің Медиа зерттеулер кафедрасының доценті, PhD Джоэл Фрихолм өз еңбегінде кинотану

саласындағы академиялық даярлықтың техникалық немесе практикалық дағдылардан гөрі, студенттің моральдық-этикалық, дүниетанымдық қабілеттерін қалыптастыруға бағытталатынын атап өтеді. Оның айтуынша: «Кинотану кафедралары техникалық немесе практикалық дағдыларды сирек үйретеді және олар шығарған білім академиялық ортадан тыс белгілі бір мансаптық жолдарға өздігінен аударыла алмайды. Бірақ, студенттердің сыни қабілеттерін арттырып, оларды әртүрлі контексттерде жұмысқа жарамды ететін тәсілдермен дамыта алады» (Фрихолм 1). Бұл көзқарас кино білімінің бүгінгі қоғамдағы орны мен рөліне қатысты пайымдарымызға теориялық негіз болады.

Зерттеу шеңберінде Қазақстандағы ұлттық кино мектептердің білім беру жүйесі негізгі талдау объектісі ретінде алынады. Осы оқу орындарының білім беру мазмұны мен әдістемелік тәсілдері, отандық киноөндірістің ерекшеліктерімен сабақтастығы қарастырылады. Алайда зерттеу пәнін тек бір аймақтық шеңберде қарастыру жеткіліксіз. Себебі Қазақстандағы кино білімінің қазіргі даму сипатын толыққанды бағамдау үшін салыстырмалы контексте, яғни өзге елдердегі озық тәжірибелермен салыстыра зерттеу қажеттілігі туындайды. Осыған байланысты, зерттеу аясында Нью-Йорк киноакадемиясы (New York Film Academy, АҚШ) мен Шеридан колледжінің (Sheridan College, Канада) кино мамандықтары бойынша білім беру бағдарламаларының мазмұнына талдау жасалды. Бұл оқу орындары салыстыру нысаны ретінде кездейсоқ алынбады: олардың халықаралық беделі, жоғары рейтингтік көрсеткіштері мен шетелдік студенттер арасындағы танымалдығы зерттеуге қажеттілік пен ғылыми құндылық береді. Осылайша, жаһандық білім беру кеңістігіндегі кинотану мамандықтарының даму парадигмасын айқындау арқылы,

ұлттық кино педагогикасы үшін өзекті бағыттар мен жаңғырту тетіктері ұсынылады.

## **Зерттеу әдістері**

Аталмыш зерттеу жұмысында кино білімінің эволюциялық даму сипатын ашу мақсатында тарихи-салыстырмалы және құрылымдық-аналитикалық әдістер кешенді түрде қолданылды. Бірінші және екінші бөлімдерде кеңестік және қазіргі қазақстандық кино білім беру жүйелерін, атап айтқанда «Режиссура» және «Кинотану» мамандықтары бойынша кәсіби даярлау тәжірибелерін салыстыра талдау үшін тарихи-салыстырмалы әдіс басшылыққа алынды. Бұл әдіс арқылы Мәскеудегі Бүкілресейлік мемлекеттік кинематография институты мен Ленинград мемлекеттік театр, музыка және кино институты (қазіргі Санкт-Петербург мемлекеттік өнер университеті) секілді жетекші оқу орындарының білім беру модельдері мен педагогикалық ұстанымдары қазақстандық кино мектебінің қалыптасу үдерісімен салыстырылды. Сонымен қатар, түрлі білім беру бағдарламаларын салыстыра отырып, олардың құрылымдық мазмұнын, кәсіби бағыттылығын және әдістемелік ерекшеліктерін анықтау үшін құрылымдық-аналитикалық әдіс қолданылды. Аталған тәсіл білім беру бағдарламаларының мазмұны мен оқыту әдістерін жүйелеп, шетелдік (АҚШ, Канада) және отандық оқу орындары арасындағы ұқсастықтар мен ерекшеліктерді ғылыми негізде талдауға мүмкіндік берді.

Кинематографиялық зерттеу шеңберінде қолданылған маңызды әдістердің бірі фильмді талдау әдісі. Бұл тәсіл кинотуындыларды зерттеу арқылы оқытудағы дәстүр сабақтастығын айқындауға мүмкіндік береді және кеңестік режиссура мектебі мен операторлық өнерінен бастап қазіргі қазақ киносының оқыту үлгілеріне

дейінгі эволюциялық үрдістерді көрсетуге бағытталған. Аталмыш әдіс, әсіресе, бір режиссерлік шеберханада білім алған түлектердің фильмдерін салыстыра қарастыру кезінде тиімді болып табылады. Мысал ретінде, әлемдік кино тарихында елеулі орны бар көрнекті ұстаз Михаил Роммның шеберханасында оқыған Андрей Тарковский мен Василий Шукшиннің студенттік жұмыстарын атауға болады. Бұл фильмдер режиссерлік көзқарас пен авторлық қолтаңбаның қалыптасуындағы ортақ әдіснамалық ұстанымдарды айқын көрсетеді.

Сонымен қатар, заманауи қазақ киносының көрнекті өкілдері Әділхан Ержанов пен Эмир Байғазиннің шығармашылық тәжірибесіне сүйене отырып фильмдік зерттеу әдісі қолданылды.

Бұған қоса, зерттеу барысында пайдаланылған SWOT-талдау әдісі кино білім беру жүйесінің күшті және әлсіз жақтарын, мүмкіндіктері мен қауіптерін жүйелі түрде анықтап, ұлттық кинематографияны дамытудың өзекті бағыттарын нақтылауға септігін тигізді.

## **Пікірталас**

Қазақстандық ғылымда өнер саласын оқыту әдістемесіне қатысты зерттеулер жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Әсіресе музыкалық орындаушылық пен хореографияны оқыту әдістемесі түрлі қырынан жан-жақты қарастырылғаны байқалады. Алайда кино өнеріне келер болсақ, бұл саладағы әдістемелік зерттеулер әлі де мардымсыз күйде. Мұны, ең алдымен, Қазақстанда кинематографияның өнер саласы ретінде тарихи тұрғыда кеш қалыптасуымен байланыстыруға болады. Ұқсас үрдістер өзге де посткеңестік мемлекеттерде байқалатынын атап өткен жөн. Соған қарамастан, қазіргі зерттеулердің көпшілігі кинопедагогиканың дамуына елеулі үлес қосқан жекелеген

тұлғалардың шығармашылығына – режиссерлерге, кинотанушылар мен операторларға бағытталуда. Бұл бағыттың өзектілігіне қарамастан, киноны оқыту әдістемесінің жеткілікті түрде жүйеленбеуінің басқа да объективті себептері бар екендігін жоққа шығаруға болмайды.

Кеңестік кезеңдегі ұлттық кинематографтың қалыптасуын бағалауда идеологиялық талаптардың ерекше орын алғаны байқалады. Белгілі кинотанушы Бауыржан Нөгербектің пайымдауынша: «Кеңестік тарихнаманың ерекшелігі – ұлттық кино тарихын идеологияға сай келетін, революциялық пафосы басым, тарихи маңызды туындылармен байланыстыра қарастыруында. Ұлттық кинематографтың тууы маңызды тарихи-революциялық фильмге сәйкес келуі керек еді» (Нөгербек, 12). Бұл ұстанымның ғылым саласына да теріс әсер еткені белгілі. Мысалы, Б.Р. Нөгербектің «тоталитарлық» ұғымын қолдануы оның өнертану докторы дәрежесін алуына тосқауыл болғаны кеңестік кезеңдегі ғылыми цензура мен идеологиялық сүзгінің айқын көрінісі. Дегенмен, бұл жағдай оның отандық кинотану ғылымының негізін қалаушы ретінде қалыптасуына кедергі келтіре алмады. Назира Рахманқызы атап өткендей, «Бауыржан Рамазанұлы қазақ ұлттық киносын зерттеумен қатар кәсіби кинотанушы мамандарын дайындауға зор үлес қосқан ұлагатты ұстаз» (112). Киноға қатысты цензураның әмбебап сипаттары туралы шетелдік зерттеуші Карен Фангтың да тұжырымдары назар аударуға тұрарлық. Ол саяси немесе экономикалық контекст әртүрлі болғанымен, киноцензураның табиғаты ұқсас екенін атап өтеді. «Кеңестік агитпроп болсын немесе батыс индустриясындағы коммерциялық мазмұндағы моральдық шектеулер болсын, барлығы Мишель Фуко сипаттаған паноптикалық бақылау үлгісіне сәйкес келеді» (144). Демек,

кеңестік кино педагогикасы мен кинотану ғылымының дамуына идеологиялық қысымның ықпал еткенімен, бұл шектеулерді айналып өтіп, ұлттық кино мектебінің дамуына негіз қалаған тұлғалардың рөлі ерекше болды.

Оқу үдерісіндегі әдістемелік мәселелерді кинематографтың қазіргі даму контексінен тыс, дербес қарастыру мүмкін еместігін атап өткен жөн. Себебі оқыту әдістемесі тек техникалық дағдыларды меңгеруге ғана емес, сонымен қатар, білім алушының шығармашылық әлеуетін ашуға, оның өнерге деген дүниетанымын қалыптастыруға бағытталған көпқырлы үрдіс. Осыған байланысты, киноөнер саласындағы оқыту тәсілдері жеке тұлғаның қабілетін ескеретін, дараландырылған педагогикалық ұстанымдарға негізделуі тиіс. Бұл ретте әдістеменің түпкі мақсаты ұлттық кинематографтың кешенді дамуына серпін беру, заманауи талаптарға сай кәсіби кадрлар дайындауға мүмкіндік жасау болып табылады.

Осы тұрғыдан алғанда, отандық режиссура мектебінің оқыту нәтижесін көрсететін айқын мысалдардың бірі – Дамир Манабай шеберханасынан шыққан дарынды түлектердің шығармашылық табыстары. Атап айтқанда, заманауи қазақстандық кино кеңістігінде өзіндік қолтаңбасымен танылған режиссерлер Әділхан Ержанов пен Әмір Байгазиннің шығармашылық жолы оқыту әдістемесінің тиімділігін дәлелдейтін көрсеткіштердің бірі. Бұл авторлардың фильмдерінде көрініс тапқан ерекше көркемдік шешімдер мен жас кейіпкерлер бейнесі олардың әлемге деген эстетикалық және философиялық көзқарасын танытады. Жас режиссерлердің туындыларындағы кейіпкерлердің шынайылығы мен ішкі драматизмі көркемдік ізденістермен қатар, олардың көрерменмен терең эмоционалдық байланыс орнатуға деген ұмтылысын да көрсетеді.

Кинотанушы Баубек Нөгербек қазақ киносындағы қаһарманның дамуы туралы болжамында былай деп жазады: «Кино процесінің келесі кезеңі коммерциялық кинематографияның қарқынды өсуімен байланысты, оның барысында әлемдік мәдениеттің қаһармандары бұрынғыдан да көбірек көрініс табады» (401).

Заманауи режиссурада байқалатын шығармашылық еркіндік пен шынайылық оқыту процесінде кәсіби жауапкершілік пен көркемдік әділеттілікке негізделген педагогикалық ұстанымдардың жемісі екендігін аңғартады.

Кинематограф саласындағы оқыту әдістемесінің тиімділігі тек режиссерлік немесе техникалық шеберлікпен шектелмейді, ол сонымен қатар, фильмнің кең аудиториямен байланыс орнатуына, оның идеялық және көркемдік мәнінің дұрыс қабылдануына да тікелей ықпал етеді. Бұл үдерісте кинотанушылар мен өнертанушылардың атқаратын рөлі ерекше. «Ұлттық дәстүрлер мен мәдени мұраларға арналған заманауи көркемдік ізденіс өнертанушы ғалымдардың алдына белгілі бір ғылыми-зерттеу міндеттерін қояды, олар өнер саласындағы, атап айтқанда, әлемдік көркем мәдениеттің құрамдас бөлігі болып табылатын кинотану саласындағы жаңа тенденцияларды анықтауға бағытталған» (Абикеева 342). Осыған орай, киноны оқыту әдістемесі мен кинотану ғылымының өзара байланысы ұлттық кинематографтың орнықты дамуы үшін аса маңызды бағыттардың бірі.

## Нәтижелер

Біздің зерттеу тақырыбымыз теориялық сипатқа ие, сондықтан, бұл жерде кинотеоретик Семен Фрейлихтің пікірі орынды, өйткені, оның ойы теорияның міндеттерін өте дәл анықтайды: «Өнер жолында кедергілер туа салысымен, қоғамның дағдарысымен байланысты деградация қаупі туындайды — дәл осындай сәттерде теория алдыңғы

орынға шығады, өйткені ол құбылысты объективті түрде көре алады. Ең алдымен өнер адамдарын, тіпті тұтас қозғалыстарды кінәлауға асыққан қоғамның өзінен айырмашылығы бар процесс. Дәл осындай кезеңдерде теория жаңа идеяларды алға тартады, өйткені «қателіктерде» дәстүрлі эстетиканы дағдарыстан шығаратын жаңалықтарды ашуға қабілетті» (1).

«Білім сапасы — қоғамдағы оқу-тәрбие процесінің жағдайы мен тиімділігін, оның қоғамның (әртүрлі әлеуметтік топтардың) азаматтық, тұрмыстық және жеке кәсіптік құзыреттерін дамыту мен қалыптастырудағы қажеттіліктері мен үміттеріне сәйкестігін анықтайтын әлеуметтік категория» (Кусаинов 196). Аскарбек Кусаиновтың монографиясында білім сапасының негізгі көрсеткіштерінің бірі — форма мен оқыту әдістері және тәрбие. Демек, білім сапасы жеке мұғалімнің оқыту әдістемесіне тікелей байланысты. Аталған тұжырымдаманы негізге ала отырып, зерттеудің басты мақсаты ұлттық киномектептердегі «Режиссура», «Операторлық өнер» және «Кинотану» мамандықтарына арналған білім беру бағдарламаларындағы оқыту әдістемесін кешенді түрде талдау болып табылады. Бұл бағытта бағдарламалардың құрылымы мен мазмұны, олардың әдістемелік ерекшеліктері, басым түстары мен әлсіз жақтары сараланып, заманауи қазақстандық кинематографтың даму үдерісіне оқыту сапасының ықпалы бағамдалады.

Зерттеу мақсатына сәйкес келесі ғылыми міндеттер айқындалды:

1. Әлемдік кинооқыту тәжірибесін нақты киномектептердің үлгісінде зерделеу арқылы, жаһандық білім беру үрдістеріндегі әдістемелік модельдерді анықтау;

2. Кеңестік кезеңдегі кәсіби кино білімінің мазмұны мен құрылымын талдау арқылы оқыту әдістемесінің тарихи сабақтастығын ашып көрсету;

3. Кредиттік-модульдік жүйе аясындағы заманауи білім беру бағдарламаларының құрылымы мен әдістеріне талдау жүргізу арқылы оқытудың қазіргі бағыттарын анықтау;

4. Салыстырмалы және SWOT-талдау әдістері негізінде жоғарыда аталған білім беру жүйелеріндегі оқыту формалары мен тәсілдерінің тиімділігі мен кемшіліктерін ғылыми тұрғыда сараптау.

*«Кинорежиссура» мамандықтарын оқыту әдістемесі*

#### *Практикалық оқыту*

Білім беру процесіндегі практикалық дайындықтың маңыздылығын ерекше атап өткен жөн. «Режиссура», «Операторлық өнер» және «Кинотану» мамандықтарында кәсіби қалыптасудың маңызды бөлігі ретінде тәжірибелік сабақтар теориялық біліммен қатар жүруі тиіс. Бұл қағидат қазіргі жаһандық кинооқыту тәжірибесіне де тән. Атап айтқанда, «Болашақ» халықаралық бағдарламасы аясында Нью-Йорк киноакадемиясында (АҚШ) білім алған қазақстандық студенттер арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері көрсеткендей, аталмыш оқу орнында және отандық қайта даярлау курстарында да практикалық оқыту әдістеріне ерекше назар аударылады. Студенттер Universal Studio секілді ірі студиялардың түсірілім алаңында қысқаметрлі фильмдер түсіру арқылы болашақ кәсіби қызметіне қатысты маңызды дағдыларды меңгереді. «Мұндай тәжірибелік жұмыс кинопроцестің ерекшеліктерін терең түсінуге, техника мен кинокамерамен жұмыс істеуді меңгеруге, сондай-ақ, кәсіби жауапкершілікті сезінуге мүмкіндік береді. Бұл оқыту форматы Голливуд моделіне ұқсас және киноны бұқаралық өнер ретінде қарастыратын тәсілмен сабақтасып жатады» (Берлинер 148).

Отандық кинотәжірибеде де мұндай практика қалыптасып келеді. Инна Смайлова зерттеуінде: «Жүргеновте жаңа кинематографқа серпін берген

Ардақ Әмірқұловтың курсы. Кино факультетіне қабылданғандар үшін ерекше болған оқиға — Әмірқұлов шеберханасының білім алушыларының бірігуімен түсірілген «1997: Рүстемнің суреттері бар жазбалар» толықметрлі көркем фильмнің түсірілімі (киноленкаға!). Түсірілімге басқа топтардың студенттері де қатысты» (41). Бұл тәжірибе студенттердің шығармашылық әлеуетін ашып, жаңа кинотіл мен көркемдік формаларды меңгеруге серпін берді. Мұндай бірлескен жұмыс моделі 1980-жылдардың соңында Сергей Соловьевтің шеберханасында жүзеге асырылған әдіспен параллель жүргізілуі мүмкін, ол кезде де студенттер курстық жұмысты ұжымдық форматта түсіріп, нәтижесінде «жаңа толқын» ұғымы қалыптасты.

#### *Оқытудағы сабақтастық*

Киноөнерін оқыту тәжірибесінде әрбір шебердің өзіндік педагогикалық тәсілдеріне қарамастан, кәсіби даярлық барысында әмбебап оқыту әдістері кеңінен қолданылады. Солардың бірі — студенттердің оқу процесімен қатар кәсіби ортада жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін әдіс. Бұл тәсіл болашақ мамандардың практикалық дағдыларын ерте кезеңнен бастап қалыптастыруға бағытталған. Аталған модельде, әдетте, шебердің (курс жетекшісінің) шығармашылық стилінің ықпалы басым болғанымен, оқу барысында әр студенттің жеке көркемдік көзқарасы мен авторлық ерекшеліктері анық байқалады. Бұл оқыту форматы шығармашылық еркіндік пен кәсіби бағыттылықтың үйлесімді байланысын қамтамасыз етеді.

Әдістеменің тағы бір ерекшелігі — жоғары оқу орындарында мамандықты сақтап қалу үшін өз кадрларын даярлау. Осыған ұқсас тәжірибе кеңестік дәуірден бері келе жатқан «Режиссура» бағдарламасының білім беру траекторияларының бірі «Анимациялық фильм режиссурасынан» байқалады. Өйткені, Қазақстанда өз саласы

бойынша ғылыммен айналысуға және ғылыми-педагогикалық бағытта оқуды жалғастыруға дайын білікті, ең бастысы, дарынды кадрлардың тапшылығы қашан да болған. Бауыржан Нөгербектің Қазақстанның тұңғыш кәсіби аниматоры Әмен Хайдаровтың шығармашылығы мен ұстаздық қызметі туралы мақаласы осы ойды растайды: «Әмен аға көркем фильм шеберлері Шәкен Айманов, Мәжит Бегалин, Сұлтан Қожықов сияқты бір емес, бірнеше ұрпақ тәрбиелеп өсірді» дей келе, педагогикалық тілмен айтқанда мультфильмдер өндірісін дамыту процесін қайтымсыз ету және бұл тек «мультфильммен ауырған» кадрлардың бәсекелестігі кезінде ғана мүмкін болады» (57). Анимациядан сабақ беретін қазіргі оқытушылар Әмен Хайдаровтың әдістемесінің ерекшеліктерін: халық шығармашылығына көңіл бөлуді, драмалық құрылыс пен өзіндік сурет салудың маңыздылығын әлі күнге дейін қолданып келеді. Біздіңше, қазіргі заманда қазақ анимациясын ерекшелендіретін де осы оқыту бағыты.

#### *Білім алушылар арасында мотивациялық орта құру*

Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің Кино факультетінде құрылған сәттен бастап, оқу жылының соңында курстық және дипломдық жұмыстарға арналған байқау ұйымдастыру дәстүрі қалыптасқан. Бұл тәжірибе уақыт өте келе жетілдіріліп, заманауи форматқа сай мазмұнмен толықтырылды. Мұндай байқаулар көптеген кинолекторлардың педагогикалық тәжірибесінде кеңінен қолданылғанымен, аталмыш факультетте ол кәсіби тұрғыдан дамытудың нақты құралы ретінде іске асырылуда. Байқау жеңімпазы үшін келесі артықшылықтар қарастырылған: фильмнің Қазақстан киносыншылары қауымдастығының жыл сайынғы киносыялығы шеңберінде көрсетілуі; халықаралық кинофестивальдерге қатысуға жолдама алу мүмкіндігі. Байқауды факультет

басшылығы мен университет әкімшілігі ұйымдастырады. Бағалау үдерісінің ашықтығы мен әділдігін қамтамасыз ету мақсатында қазылар алқасы ретінде басқа жоғары оқу орындарының тәуелсіз кино мамандары, режиссерлер мен кинотанушы-педагогтер тартылады. Сонымен қатар, байқау барысына продюсерлік орталықтар, тәуелсіз киностудиялар мен телемедиа өкілдері шақырылып, олар өз тараптарынан үздік деп танылған жұмыстарды жеке номинациялар бойынша марапаттайды.

Аталған тәжірибе студенттерге кәсіби ортаға ертерек бейімделуге мүмкіндік беріп қана қоймай, олардың шығармашылық әлеуетін нақты жағдайда сынауға, өз ортасында танылуына және болашақ мансаптарына қатысты мотивацияны арттыруға ықпал етеді.

#### *Кәсіптік бағдар беру*

Шетелдік озық тәжірибені көрсету мақсатында зерттеу барысында Канаданың жетекші оқу орындарының бірі Шеридан колледжінің «Кино және теледидар» білім беру бағдарламасына назар аударылды. Аталған бағдарламаның ресми сипаттамасында білім беру үдерісінің құрылымы мен мазмұны студенттің шығармашылық бейімі мен кәсіби қызығушылығына барынша сай ұйымдастырылғаны аталып өтіледі. «Бағдарлама шеңберінде студенттер тәжірибелі сала мамандарының жетекшілігімен режиссура, продюсерлік, сценарий жазу, монтаж және редакциялау сынды бағыттар бойынша таңдау пәндерін оқи отырып, өз қабілеттерін әр қырынан танып, болашақ кәсіби бағытын айқындайды. Соңғы семестрлерде білім алушылардың шығармашылық мамандануына (мысалы, деректі немесе көркем фильм түсіру, сценарий жазу, операторлық немесе дыбыс режиссурасы) мүмкіндік беріледі» (Шеридан колледжінің ресми сайты). Бұл тәжірибе оқу үдерісінің бастапқы кезеңінен бастап студенттің даралығын ескеруге бағытталған тиімді әдістемелік

тәсілдің үлгісі болып табылады және кәсіби бағдар беру мәселесіне баса назар аударылатынын көрсетеді.

Қазақстанда осыған ұқсас көзқарас жекелеген шеберлердің оқыту әдістемесінде де байқалады. Мысалы, доцент, кинорежиссер Дарежан Өмірбаев сабақ беру кезінде студенттердің қабілетін жіті зерттей келе, олардың болашақ кәсіби қызметіне бағыт-бағдар береді. Бесжылдық көркем фильм режиссері немесе қоюшы-режиссердің оқуын аяқтаған студенттерінің қабілеті мен еңбекқорлығына қарай телевизия мамандығын да таңдай алатынын немесе кино саласында редактор, сценарист болып қызмет атқаруына бағдар береді.

### *Әдеби шығармаларды экранизациялау*

Кинематографты оқыту әдістемесінде әдеби шығарма негізінде қысқаметрлі фильм түсіру тәжірибесі кеңестік дәуірдегі көрнекті режиссер-педагогтардың шеберханаларында кеңінен қолданылғаны белгілі. Атап айтқанда, Мәскеулік Михаил Ромм шеберханасында жүзеге асқан осындай әдістің нәтижелілігін Андрей Тарковский мен Василий Шукшиннің студенттік кезеңдегі шығармашылық жұмыстары нақты дәлелдейді. Мысалы, Андрей Тарковский американдық жазушы Эрнест Хемингуэйдің «Өлтірушілер» әңгімесінің желісі бойынша қысқаметрлі фильм түсіріп, онда басты рөлді Василий Шукшин сомдаған. Бұл жұмыс әдеби негізді экранда авторлық интерпретациямен ұсынудың жемісті үлгісі ретінде танылды. Драматургиялық материал студенттердің режиссерлік ойлау қабілетін дамытып, экран тілі арқылы көркемдік ойды жеткізу дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік берді. Аталған тәжірибе Михаил Ромм тарапынан жоғары бағаланып, студенттің дербес авторлық ұстанымын қалыптастыруына ықпал етті. Андрей Тарковскийдің кейінгі авторлық кинодағы өзіндік қолтаңбасы дәл осы кезеңдегі

тәжірибелік ізденістердің нәтижесі ретінде қарастырылады. Александр Митта Исаак Бабельдің сөзін мысалға келтіре отырып, мамандықтағы тәжірибесі туралы өте орынды пікір айтқан: «Жазушының сөресінде бірнеше кітап болуы керек. Небәрі он-он бес. — Қайсысы? — деп айқайлады жас жазушылар. — О, ол үшін мындаған кітап оқу керек. Басқаша айтқанда, ешқандай кеңес жеке тәжірибе жолын жоққа шығармайды» (496).

Ұлттық киномектептерде де бұл педагогикалық ұстаным табысты қолданылып келеді, өйткені дайын әдеби мәтіннің драматургиялық құрылымы студентке кино тіліне тереңірек бойлауға және жеке шығармашылық мүддесіне сай материал таңдауға жағдай жасайды. Осылайша, дәстүрлі режиссерлік оқыту әдістерінің бірқатары заманауи кредиттік оқыту жүйесіне икемделіп, тиімді нәтиже беріп отыр.

### *Фестиваль қозғалысы және академиялық ұтқырлық*

Кредиттік оқыту жүйесінің енгізілуі студенттердің академиялық ұтқырлық мүмкіндіктерін кеңейтті және бұл жағдай посткеңестік кеңістіктегі кино білім беру үдерісінде маңызды рөл атқаруда. Қазіргі таңда курс жетекшілері студенттердің шетелдік кино мектептері мен өндірістік алаңдарда (АҚШ, Италия, Түркия, Ресей және т.б.) оқып-үйренуге деген қызығушылығын ынталандыруда, бұл олардың кәсіби көкжиегін кеңейтіп, киноны оқытудың балама әдіс-тәсілдерін меңгеруге жол ашады. Ұлттық киномектептерде сабақ беретін оқытушылардың басым бөлігі қазіргі таңда кәсіби режиссурамен айналысатын мамандар болғандықтан, халықаралық тәжірибенің маңыздылығын жақсы түсінеді. Мысал ретінде Серік Апрымовтың АҚШ-тағы шығармашылық жұмысы немесе Дамир Өмірбаев, Сатыбалды Нарымбетов пен Талғат Теменовтің француз киногерлерімен бірлесіп жасаған жобаларын атауға болады.



Бұл бағыттағы тәжірибені кеңейтуге кинофестивальдер айтарлықтай ықпал етуде. Алматы қаласында өтетін «Бастау» және Астанада ұйымдастырылатын «Томирис» фестивалі сияқты іс-шаралар студенттерге танымал халықаралық режиссерлермен тікелей байланыс орнатуға, олардың шеберлік сабақтарына қатысуға, жеке фильмдерін көрсетуге және замандас шетелдік әріптестерінің кәсіби деңгейін салыстыра көруге мүмкіндік береді. Мұндай шығармашылық алаңдар кәсіби байланыстар орнатуға, болашақта халықаралық бірлескен жобаларды жүзеге асыруға және жаһандық кино кеңістігінде ұлттық кинематографтың орны мен беделін арттыруға сеп болады. Сонымен қатар, заманауи қазақстандық фильмдерде жалпыадамзаттық мәселелердің көтерілуі еліміздің кино өнерінің әлемдік үдеріске интеграциялануының нақты көрінісі болмақ. Мысалы, Бауыржан Нөгербек былай деп жазды: «Өнердегі халықаралық көрініс — өмір ағымының ең шынайы көрінісі, бірақ өмір интернационализмге толы... Табиғатқа сенген суретші өмірді, оның нақты мәселелерін тыңдап, жаңа «өзекті» нәрселерді ойлап таппаса, халықаралық қызығушылық тудыратын фильмдер пайда болады» (52). Осыған сәйкес, бұл оқыту әдісін кино білім беру үдерісіндегі ең тиімді және маңызды тәсілдердің бірі ретінде қарастыруға болады.

*Студенттердің курстық және дипломдық жұмыстарын біріктіретін жобаларды құру*

2018-2019 оқу жылында Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті жанынан құрылған киностудия студенттерге теориялық біліммен қатар, практикалық тұрғыдан өз бетінше фильм түсіруге мүмкіндік берді. Осы бастаманың нәтижесінде жүзеге асқан «Махаббат күндері» киноальманахы режиссерлер, операторлар, бет әрлеушілер мен дыбыс

режиссерлерінің бірлескен жұмысына негізделді және тақырыптық тұрғыдан альма-матер — Өнер университетіне арналды. Оқу фильмдеріне тән техникалық кемшіліктерге қарамастан, жоба сәтті жүзеге асып, келесі оқу жылында да өз жалғасын тапты. Тәжірибе көрсеткендей, студенттердің алдыңғы қателіктерін ескере отырып, кәсіби тұрғыда дамуы, сондай-ақ, жобаның құрамына киносуретшілер, сценаристер мен кинодраматургтердің қосылуы білім беру процесіндегі сабақтастық пен шығармашылық шекаралардың кеңеюін байқатады.

*«Кинотану» мамандығын оқыту әдістемесі*

Кинотану шеберханасындағы оқыту үдерісінің ерекшелігі студенттердің көркем туындыларды көру және талдау арқылы білім алуы болып табылады. Мұнда дәстүрлі оқу түрлерімен (дәріс, практикалық сабақтар) қатар фильм көрсетілімдері де қолданылады, алайда бұл әдісті классикалық дәріс немесе семинар форматына жатқызуға болмайды, себебі ол экран өнерін қабылдау мен сараптауға негізделген арнайы оқыту формасы ретінде танылады.

«Дәріс — оқыту мен тәрбиелеу әдісі, белгілі бір саладағы идеялар жүйесін дәйекті монологтық баяндау» делінген педагогикалық терминдер сөздігінде (Коджаспирова, Коджаспиров 176). Яғни, қазіргі педагогика дәстүрлі ақпараттық дәрістен гөрі студенттің танымдық белсенділігін арттыруға бағытталған шолу немесе кіріспе дәріс форматын неғұрлым тиімді деп есептейді. Мұндай тәсіл оқытушының жетекші рөлін сақтай отырып, студенттің пәнге деген қызығушылығын оятып, оқуға деген ішкі уәжін қалыптастыруға ықпал етеді.

Ғылыми-педагогикалық тұрғыда қарастырығанда, заманауи білім беру жүйесіндегі маңызды ұстанымдардың бірі — студентке бағдарланған оқыту қағидасы болып табылады. Бұл әдіс

білім алушының жеке ерекшеліктерін, қызығушылықтары мен қабілеттерін ескеруге негізделген, сол арқылы оқу процесін барынша тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Қазақ кәсіби кинотану ғылымының негізін қалаған профессор Бауыржан Нөгербектің ұстаздық қызметі осы ұстаныммен тығыз байланысты. Ол әрбір семинарлық сабақта студенттің жеке пікірін еркін білдіруіне, шығармашылық әлеуетін ашуға мүмкіндік беретін әдістерді тиімді қолданды.

Профессордың оқыту моделінде білім алушының өз бетімен тақырып таңдап, жазба жұмысын жүргізуі, жеке оқу жоспарын құра білуі, ғылыми-шығармашылық ізденіске ынталануы басты қағида ретінде қалыптасты. Бұл ретте студенттің психологиялық ерекшеліктері мен жеке қабілеттерін назарда ұстау, оларды дұрыс бағыттау педагогикалық жұмыстың негізгі өзегіне айналды. Атап айтқанда, студенттің ұсынысын үнемі қолдап, тіпті күнделікті рецензия жазуға да ынталандыруы білім алушының мамандыққа деген қызығушылығын арттырып, оның кәсіби жетілуіне тікелей ықпал етті.

Оқытудың маңызды формаларының бірі ретінде қолданылған «Көрсетілім семинары» пәні болашақ кинотанушылардың кәсіби дағдыларын дамытуда айрықша рөл атқарды. Пәннің оқу процесіне жүйелі түрде енгізілуі – фильмді талдай білу, оны экран тілі арқылы түсіну, көркемдік элементтерді саралау сынды маңызды қабілеттерді қалыптастыруға сеп болды. Бауыржан Нөгербек фильмді қарау барысында студенттердің зейінін арттыру үшін тиімді интерактивті әдістерді пайдаланған. Мәселен, фильмді күтпеген жерден тоқтатып, оқиға желісінің жалғасын сұрау, алғашқы кадрларды еске түсіру секілді тәсілдер студенттердің назарын шоғырландырып, олардың экрандық материалды қабылдауына белсенділік әкелді. Мұндай әдістердің қарапайым болғанына қарамастан, оқу процесінің

сапасын арттырудағы тиімділігі ерекше жоғары болды.

Сонымен қатар, теориялық және практикалық сабақтарда әртүрлі педагогикалық тәсілдер қолданыс тапты. Оларға пікірталас жүргізу, жазбаша рецензия мен эссе жазу, рөлдік ойындар ұйымдастыру, ассоциативті талдау әдісі, сондай-ақ, семинар-кинофестиваль форматындағы тәжірибелер жатады. Бұл әдістер нақты тақырып немесе режиссер шығармашылығына байланысты бейімделіп, түрлендіріліп отырады. Осылайша, білім беру мазмұны үнемі жаңарып, студенттің аналитикалық ойлау қабілеті мен кәсіби бағдарлануына оң ықпалын тигізеді.

#### *Ауызша талқылау*

Студентке бағытталған оқыту моделінде барлық қатысушылардың, соның ішінде оқытушының да тең құқылы екендігі басты қағида ретінде танылады. Мұндай тәсіл білім алушының белсенді позициясын қалыптастырып, пікір білдіру еркіндігін қамтамасыз етеді. Кинотану саласындағы практикалық сабақтарда фильмдер бірнеше қырынан талданады, ал әрбір студенттің көзқарасы мен интерпретациясы құнды пікір ретінде қабылданады. Бұл жағдайда аудиториядағы сенімді және қолайлы психологиялық ахуал ерекше маңызға ие. Студенттер өз ойларын еркін жеткізіп, қате жауап беруден қорықпайды.

Талқылау үдерісінде оқытушы бағыттаушы рөл атқара отырып, түрлі сұрақтар қою, ұқсас позицияларды байланыстыру және қарама-қайшы пікірлерді салыстыру арқылы студенттердің өз бетімен дұрыс тұжырым жасауына жағдай жасайды. Әдетте, фильмді интерпретациялауда ең дәйекті идеяны алғаш ұсынған студент пікірталастың қорытындысында негізгі идеяны тұжырымдау мүмкіндігіне ие болады. Бұл кезеңде талқылау аяқталмайды, себебі сабақ соңында студенттердің жазбаша жұмыстарын сараптау жүргізіледі. Талдау барысында

оқытушы теориялық қателіктер мен теріс интерпретациялар себептерін түсіндіріп, кино теориясы мен тарихы пәндерімен байланыстыра отырып нақты ғылыми негізге сүйенеді.

#### *Пікірталас – пікірсайыс*

Кинотану пәндерін оқыту барысында қолданылатын пікірталас әдісі студенттердің аналитикалық және сыни ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған тиімді педагогикалық тәсілдердің бірі ретінде қарастырылады. Пікірталас ауызша немесе жазбаша формада ұйымдастырылуы мүмкін. Әдетте, фильм көрсетілімінен кейін оқытушы «Фильм кімге ұнады?» деген қарапайым сұрақ арқылы аудиторияны шартты түрде екі топқа бөліп, пікірталастың бастамасын жасайды. Әр топ фильмнің жағымды немесе жағымсыз қырларын дәлелдеуге тырысады. Топтар кезекпен сөз сөйлейді, ал пікірталас қорытындысын арнайы тағайындалған төреші – оқытушы, басқа пән оқытушысы, студент немесе кейде бейтарап сарапшы шығарады. Бұл әдіс фильмнің идеясы мен көркемдік құндылығын әртүрлі көзқарастар тұрғысынан қарастырып, туындыны тереңірек ұғынуға ықпал етеді.

Пікірталас студенттердің өз көзқарасын қорғауға, дәлелді пікір айтуға және өзгенің пікірін тыңдауға бейімделуіне көмектеседі. Алайда оқыту тәжірибесі көрсеткендей, ауызша пікірталас эмоционалдық әсерге бейім болғандықтан, ең жоғары нәтижеге жазбаша пікірталас кезінде қол жеткізуге болады. Бұл жағдайда студенттер алдын ала дайындалып, өз ойларын негізді түрде тұжырымдайды.

#### *Жазбаша жұмыс*

Кинотану мамандығын игеру үдерісінде жазбаша жұмыс орындау білім алушының кәсіби қалыптасуындағы негізгі әдістемелік қадамдардың бірі болып табылады. Рецензиялар мен аналитикалық мәтіндер студенттер тарапынан күнделікті жазылып отырады. Әсіресе, бірінші курс студенттері

үшін бұл жұмыстардың сипаты көбіне еркін эссе формасында кездесіп, мазмұндық тұрғыдан рецензиядан гөрі шығармашылық ойға жақын келеді. Аталған кезеңде профессор Б.Р. Нөгербектің педагогикалық тәжірибесі ерекше құнды. Ол студенттердің алғашқы жазбаша талпыныстарын қатты сынамай, керісінше, мәтіндегі оң тұстарды мақтап, кемшіліктерді жұмсақ формада көрсетіп отырған. Бұл тәсіл студент бойында жазуға деген сенім мен еркіндік сезімін қалыптастырып, болашақ өнертанушы үшін аса маңызды дағды – ойды жазбаша түрде сауатты жеткізу қабілетін дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар, жазбаша жұмыстардың кезең-кезеңмен күрделене түсуіне байланысты оқытушы әрбір студенттің жаңа жанрлық немесе құрылымдық формаға дайындығын үнемі бақылап, жеке ілгерілеу қарқынын ескеріп отырады.

#### *Рөлдік ойын әдістемесі*

Оқыту тәжірибесінде қолданылатын тиімді әдістердің бірі – рөлдік ойын, онда студенттерге режиссер, оператор немесе сценарист рөлін қабылдап, кәсіби позицияны модельдеу ұсынылады. Бұл тәсіл олардың фильмді түрлі мамандық тұрғысынан тереңірек түсінуіне ықпал етеді. Тағайындалған рөл аясында студент өз көзқарасын дәлелдеп, фильмнің құрылымындағы кемшіліктерді негіздеп, шығарманың жекелеген аспектілеріне кәсіби тұрғыда түсініктеме беруі қажет. Рөлдік ойын, әдетте, ауызша түрде өткізіледі және интерактивті форматта ұйымдастырылады. Ереже бойынша рөлдік ойын ауызша орындалады. Оқытушы әрқашан жеңілген жаққа көмектеседі, кеңес береді немесе жетекші сұрақтар қояды.

#### *Семинар-кинофестиваль*

Оқу үдерісінде семинар-кинофестиваль форматы студенттердің кәсіби дағдыларын жетілдіруге бағытталған ерекше педагогикалық әдіс болып табылады. Бұл әдіс бойынша студенттер қысқаметрлі фильмдерді көріп

болған соң, қазылар алқасының рөлін атқара отырып, байқауға қатысушы ретінде ұсынылған фильмдерге баға береді. Оқытушы номинацияларды белгілеп, аудиториядан уақытша шығады, ал бұл кезеңде студенттер өзара пікір алмасу, шешім қабылдау және ұстанымдарын дәлелдеу арқылы бірлескен жұмыс жүргізеді. Мұндай жағдай студенттердің сыни ойлау, коммуникация және келіссөз жүргізу қабілеттерін дамытып, оқу процесін нақты фестивальдік тәжірибеге барынша жақындатады. Талдау сатысында қатысушылар тек фильмдерге баға беріп қана қоймай, сонымен қатар, қазылар жұмысының психологиялық аспектілерін, атап айтқанда, топ ішіндегі пікір алуандығы жағдайында өз көзқарасын қорғау және өзін-өзі бағалауды сақтау сияқты дағдыларды да меңгереді.

#### *Ассоциативті эксперимент*

Кино теориясын оқыту үдерісінде ассоциативті эксперимент әдісін қолдану күрделі ұғымдарды меңгеруге және оларды берік есте сақтауға ықпал ететін тиімді педагогикалық құрал болып табылады. «Кино теориясы» пәні мазмұнының күрделілігіне байланысты оқытушы тарапынан әдістемелік тәсілдердің ұтымды таңдауы аса маңызды. Теориялық ұғымдарды меңгеруде ассоциативті экспериментті қолдану студенттердің зейінін шоғырландырып, жаңа ақпаратты ішкі мотивация арқылы қабылдауына мүмкіндік береді.

Психология ғылымында бұл әдіс бастапқыда жеке тұлғаның мотивациялық ерекшеліктерін зерттеуге бағытталған проекциялық құрал ретінде танылған. «Ассоциативті эксперимент психолінгвистикалық зерттеу мен талдаудың тиімді әдістерінің бірі ретінде тілдік (вербальды) сана құбылысын жан-жақты зерттеу, оны құрылымдау және модельдеу мақсатында белсенді қолданылады» (Борисова, 266). Қазіргі таңда бұл әдіс тек психологияда ғана емес, сондай-ақ, әлеуметтану,

мәдениеттану және кинотану секілді салаларда да кеңінен қолданыс табауда.

Ассоциативті экспериментті қолдану барысы келесідей жүзеге асады: оқытушы жаңа теориялық ұғымды ұсынады және студенттерге осы терминге байланысты деп санайтын құбылыстарды, тұлғаларды немесе ұғымдарды жылдам ататқызады. Бұл тәсіл арқылы студенттер санадан тыс деңгейде жаңа ұғыммен байланыс орнатады. Бір қарағанда қарапайым көрінетін бұл әдіс шын мәнінде жаңа ақпарат пен бұрынғы білім арасындағы танымдық көпір қалыптастырады. Алынған ассоциациялар кейінірек жаңа материалды логикалық жүйелеу барысында нығая түседі, бұл теориялық білімнің сапалы әрі терең меңгерілуіне септігін тигізеді.

Әрине, бұл мақалада ұсынылған әдістер ұлттық кино мектептеріндегі оқыту тәжірибесін толық қамтымайды. Автор тек оқыту үдерісінде кеңінен қолданылатын және тиімділігі жоғары негізгі әдістерге тоқталды. Зерттеудің бұл бағыты кәсіби кино мамандарын даярлау ісіндегі педагогикалық тәжірибені зерделеудің алғашқы қадамы болып табылады. Болашақ киногерлерді тәрбиелеуде әрбір сабақтың мазмұнында адамгершілік, адалдық пен кәсіби жауапкершілік сияқты құндылықтар көрініс табуы тиіс екендігін ерекше атап өткен жөн.

### **Негізгі тұжырымдар**

Мақалада заманауи ұлттық кино білімінің ерекшеліктерін зерделеу барысында қолданылған негізгі және қосымша дереккөздерді таңдау жүйелі түрде, бірнеше өзекті параметрлерге сүйене отырып жүзеге асырылды. Бұл ретте ең алдымен Қазақстандағы білім беру сапасын ғылыми негізде сипаттайтын сенімді еңбектерге назар аударылды. Сонымен қатар, автор Орталық Азия мен шетелдік кино педагогикасының даму тенденцияларын салыстыра зерттеу үшін

кино және білім саласына маманданған заманауи әрі академиялық құндылығы жоғары дереккөздерге сүйенді. Кино білімінің тарихи-идеологиялық контекстін тереңірек түсіну мақсатында кеңестік кезең мен посткеңестік кеңістіктегі педагогикалық тәжірибелерді қамтитын зерттеулерге жүгінді.

Зерттеудің эмпирикалық базасы ретінде бірнеше іргелі жұмыстар негізге алынды. Солардың бірі – Аскарбек Қусаиновтың «Әлемдегі және Қазақстандағы білім сапасы» атты монографиясы. Бұл еңбекте автор білім беру сапасын бағалаудың халықаралық моделін ұсына отырып, Қазақстан тәжірибесін жаһандық контексте талдайды. Әсіресе, білім сапасының экономикалық даму мен әлеуметтік әл-ауқатқа ықпалы тұрғысындағы пайымдары зерттеуіміздің теориялық тұғырын нақтылады.

Кино педагогикасы бойынша Бауыржан Нөгербектің «Қазақфильм экранында», «Қазақстан киносы» және «Қазақ көркем фильмдеріндегі экрандық-фольклорлық дәстүрлер» атты еңбектерінде көтерілген мәселелер қазақ киносын оқытудың тарихи және мәдени контекстін тереңірек ашуға мүмкіндік берді. Аталған еңбектердегі кәсіби педагогикаға, оқытушы тұлғасына және оқу үдерісіндегі ұлттық компоненттерге байланысты тұжырымдар кино мамандарын даярлаудағы мәдени-тарихи сабақтастықты көрсетуге негіз болды.

Тақырыптың өңірлік қырын ашуда Гульнар Абикееваның «Орталық Азия киносы» еңбегі ерекше маңызға ие болды. Бұл зерттеуде посткеңестік кеңістіктегі кинобілім берудің құрылымдық ұқсастықтары мен айырмашылықтары айқын көрініс табады. Жоғары білім беру жүйесіндегі желілік модельдің трансформациясы мен постколониялық мәдениеттердің өзіндік дискурс қалыптастыруы – ұлттық кино педагогикасының қазіргі жай-күйін түсінудегі маңызды аспектілер ретінде қарастырылды.

Сонымен қатар, мақалада Семен Фрейлихтің «Кино теориясы: Эйзенштейннен Тарковскийге дейін» және Александр Миттаның «Тозақ пен жұмақ арасындағы кино» еңбектерінен алынған теориялық негіздемелер кинотану пәнінің әдіснамалық шекараларын нақтылауға көмектесті. Бұл еңбектердің дереккөзі ретінде қолданылуы студенттердің теориялық білімдерін тереңдетіп, киноны пәнаралық тұрғыда қабылдауын дамытады.

Ассоциативті эксперимент әдісінің сипаттамасын айқындау үшін Юлия Борисованың психолингвистикалық бағыттағы мақаласын және педагогикалық анықтамалар мен терминдер үшін Галина және Алексей Коджаспировтардың редакциясымен жарық көрген педагогикалық сөздік пайдаланылды. Бұл әдістемелік база кино теориясы секілді күрделі пәндерді оқытудың тиімді жолдарын көрсетуге негіз болды.

Осылайша, зерттеу барысында қолданылған дереккөздер кино білімін оқытудағы тарихи сабақтастықты, әдістемелік эволюцияны және қазіргі заман талабына сай білім беру технологияларын кешенді түрде қамтуға мүмкіндік берді.

## Қорытынды

Зерттеу мақаласын қорытындылай отырып, ұлттық кино мектептердегі оқыту әдістемесін талдауға арналған жұмыста қойылған мақсат пен міндеттерге сәйкес қол жеткізілген нәтижелерді жүйелеп, ғылыми тұжырымдар жасауға болады.

1. Әлемдік кинооқыту тәжірибесін нақты кино мектептердің үлгісінде зерделеу арқылы, жаһандық білім беру үрдістеріндегі әдістемелік модельдер анықталды.

Зерттеу барысында Нью-Йорк киноакадемиясы (New York Film Academy, АҚШ) мен Шеридан колледжінің (Sheridan College, Канада)

# 1-кесте. Қазақстанның ұлттық киномектептерінде оқыту әдістемесіне SWOT-талдау

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
<ul style="list-style-type: none"> <li>- Ұстаздың беделі мен шығармашылық тәжірибесі</li> <li>- Ұлттық фольклорлық және мәдени контексте оқыту</li> <li>- Тәжірибеге бағытталған оқыту моделдері</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Зерттеу компонентінің әлсіз интеграциясы</li> <li>- Қазіргі цифрлық медиатехнологияларды толық пайдалану жетіспейді</li> <li>- Теориялық білімнің мазмұндық жаңғыруы баяу</li> </ul>
Мүмкіндіктер	Қауіп-қатерлер
<ul style="list-style-type: none"> <li>- Халықаралық әріптестік пен академиялық ұтқырлық</li> <li>- Креативті индустриялармен тығыз байланыс</li> <li>- Жаңа цифрлық платформалармен интеграция</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Оқытудың формалдылығы мен шығармашылық еркіндіктің шектелуі</li> <li>- Ұлттық кино дәстүрінің нарықтық талаптарға бейімделу қаупі</li> <li>- Әлеуметтік-гуманитарлық пәндердің маргиналдануы</li> </ul>

педагогикалық модельдері қарастырылды. Аталған мектептерде оқыту моделі студенттің шығармашылық дербестігін дамыту, жобалық оқыту (project-based learning), кроссдисциплинарлық бағыттарды біріктіру, сондай-ақ, кәсіби ортада бірден бейімделуді көздейді. Осы үлгілерді талдай отырып, отандық кинооқыту жүйесінде де шетелдік тәжірибеге негізделген бірқатар элементтердің енгізілгенін байқауға болады (мысалы, дипломалды жобалар, практикалық семинарлар, оқытушының менторлық рөлі). Бұл өз кезегінде ұлттық киномектептердің жаһандық әдістемелік үрдістермен үндестігін көрсетеді.

2. Кеңестік кезеңдегі кәсіби кино білімінің мазмұны мен құрылымын талдау арқылы оқыту әдістемесінің тарихи сабақтастығы ашып көрсетілді.

Кеңестік кино мектебі ұзақ уақыт бойы кино педагогикасының негізін қалаушы жүйе ретінде қызмет атқарғаны белгілі. Б.Р. Нөгербектің еңбектеріне сүйене отырып, бұл кезеңде педагогикалық іріктеу мен кәсіби машыққа аса жоғары талап қойылғанын байқаймыз. Кеңестік модельде догматикалық сипаттағы идеологиялық бақылау болса да, кейбір әдістемелік тәсілдер (мысалы, практикалық шеберханалар, фильм талдауы, режиссерлік тапсырмалар) қазіргі ұлттық мектептерде бейімделген

түрде сақталып отыр. Бұл, әсіресе, сабақ барысында рөлдік ойындар, семинар-фестиваль форматтары мен ассоциативті эксперимент әдістерін қолдану арқылы жүзеге асады.

3. Кредиттік-модульдік жүйе аясындағы заманауи білім беру бағдарламаларының құрылымы мен әдістеріне талдау жүргізу арқылы оқытудың қазіргі бағыттары анықталды.

Қазақстандағы жоғары білім беру жүйесіне енген кредиттік-модульдік құрылым ұлттық кино оқу орындарына да әсер етті. Бұл жүйе оқу бағдарламаларына икемділік пен таңдау еркіндігін енгізіп, студенттердің жеке білім траекториясын құруға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижесінде режиссура, кинотану, операторлық өнер, анимация сияқты мамандықтар бойынша заманауи оқыту әдістері — жобалық жұмыс, бейресми білім беру (informal learning), цифрлық құралдарды пайдалану, интерактивті тапсырмалар белсенді түрде қолданылатыны анықталды. Бұл тұрғыда студенттің практикалық және сыни ойлау қабілетін дамыту басты бағыт ретінде танылды. Атап айтқанда, «Қазақфильм экранында» (Б.Р. Нөгербек) және «Қазақ киносы: кеше және бүгін» (Н. Рахманқызы) еңбектерінде ұлттық кино саласындағы білім беру формаларының эволюциясы айқын сипатталған.

4. Салыстырмалы және SWOT-талдау әдістері негізінде жоғарыда аталған білім беру жүйелеріндегі оқыту формалары мен тәсілдерінің тиімділігі мен кемшіліктерін ғылыми тұрғыда сарапталды (кесте 1).

Зерттеуде салыстырмалы талдау әдісі шетелдік, кеңестік және ұлттық оқыту модельдерінің ортақ тұстары мен айырмашылықтарын анықтауға мүмкіндік берді. Мәселен, шетелдік модельдерде академиялық еркіндік басым болса, ұлттық мектептерде ұстаздың тұлғалық ықпалы басымырақ. Кеңестік мектептерде теория мен практиканың тығыз байланысы сақталғанымен, қазіргі кезеңде бұл байланыс мазмұндық тұрғыдан тереңдеп, шығармашылық еркіндікпен толықтырылды. Оқыту әдістемесінің SWOT-талдауы әдістердің күшті және әлсіз жақтарын, сондай-ақ, мүмкіндіктер мен қатерлерді айқындауға көмектесті.

Осы талдау нәтижесінде Қазақстандағы кинооқыту жүйесі посткеңестік контекстен шығып, жаһандық білім беру кеңістігіне

бағытталған трансформация жолында екені анықталды. Бұл бағыттағы прогресс бірқатар институционалдық, педагогикалық және мәдени факторлардың өзара ықпалдастығы нәтижесінде жүзеге асуда.

Зерттеу нәтижелері Қазақстандағы ұлттық киномектептердегі оқыту әдістемесінің қалыптасуы тарихи сабақтастық, жаһандық ықпалдасу және қазіргі заманғы білім беру принциптері аясында дамып жатқанын көрсетеді. Бұл бағытта кәсіби шеберлік пен теориялық білімнің үйлесуі, ұстаздың шығармашылық тұлғасы мен тәжірибесінің шешуші рөлі, сондай-ақ, цифрлық технологиялар мен инновациялық әдістердің ендірілуі — отандық кино білімінің болашағын айқындайтын негізгі факторлар. Сонымен қатар, зерттеу жұмысы Қазақстандағы кино педагогикасының ғылыми негіздерін жетілдіру мен болашақта халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті мамандар даярлауға бағытталған практикалық ұсыныстарға негіз бола алады.

## Дереккөздер тізімі

Frykholm, Joel. «Critical thinking and the humanities: A case study of conceptualizations and teaching practices at the Section for Cinema». *ResearchGate*, August 2020. [https://www.researchgate.net/publication/343668248\\_Critical\\_thinking\\_and\\_the\\_humanities\\_A\\_case\\_study\\_of\\_conceptualizations\\_and\\_teaching\\_practices\\_at\\_the\\_Section\\_for\\_Cinema\\_Studies\\_at\\_Stockholm\\_University](https://www.researchgate.net/publication/343668248_Critical_thinking_and_the_humanities_A_case_study_of_conceptualizations_and_teaching_practices_at_the_Section_for_Cinema_Studies_at_Stockholm_University). Accessed 12 May 2024, pp. 1-21.

Ногербек, Бауыржан. *Экранно-фольклорные традиции в казахском игровом кино*. Алматы, RUAN, 2008, б. 12.

Рахманқызы, Нәзира. *Қазақ киносы: кеше және бүгін*. Астана, Фолиант, 2017.

Фанг, Карен. «Он жыл ішіндегі Гонконг киносындағы киноцензура және медиа азаматтық». *Surveillance & Society* 16(2), 14 шілде 2018, б. 144. <https://www.semanticscholar.org/paper/Cinema-Censorship-and-Media-Citizenship-in-the-Hong-Fang/56c3d5100b36eedb07002ef8e076ab49b8ea8e01>. Қарастырылған мерзімі 21 маусым 2024.

Ногербек, Бауыржан, и Ногербек Баубек. *Казахское игровое кино: фольклорные традиции и образ героя*. Алматы, Дәстүр, 2014.

Абикеева, Гульнара. *Kino Central'noj Azii (1990-2001) (Central Asian cinema (1990-2001))*. Алматы, Комплекс, 2001, б. 342.

Фрейлих, Семен. *Теория кино: от Эйзенштейна до Тарковского*. Москва, Академиялық жоба, 2009.

Кусаинов, Аскарбек. *Качество образования в мире и в Казахстане*. Алматы, 2013.

Berliner, Todd. «Hollywood aesthetic: pleasure in American cinema». *Canadian journal of film studies*, Volume 26, № 2, 2017, p. 148. <https://www.jstor.org/stable/26532137>.

Смаилова, Инна. «Спор кинокритика с киновединой». Астана, *Byulleten' ASIFA*, 2013, б. 41.

Ногербек, Бауыржан. *На экране Казахфильм*. Алматы, RUAN, 2007.

«Сізді кинофильм, хабар тарату және мультимедиялық индустриядағы мансабыңыз күтеді» *Шеридан колледжінің ресми сайты, «Кино және теледидар» бакалавр бағдарламасы*, <https://www.sheridancollege.ca/programs/bachelor-of-film-and-television>. Қарастырылған мерзімі 23 тамыз 2024.

Митта, Александр. *Кино между адом и раем*. Москва, Дом «Подкова», 1999.

Ногербек, Бауыржан. *Кино Казахстана*. Алматы, Национальный продюсерский центр, 1998.



Коджаспирова, Галина, және Коджаспиров Алексей. *Педагогикалық сөздік*. Москва, Академиялық Жоба, 2000.

Борисова, Юлия. «Қазіргі психолінгвистикалық зерттеулердегі ассоциациялық эксперимент». *Психология. Тарихи-сыни шолулар және ағымдағы зерттеулер*, том 8, 2019, бб. 265–275. <http://publishing-vak.ru/file/archive-psychology-2019-1/31-borisova.pdf>. Қарастырылған мерзімі 14 қыркүйек 2024.

## References

- Frykholm, Joel. «Critical thinking and the humanities: A case study of conceptualizations and teaching practices at the Section for Cinema» *ResearchGate*, August 2020, [https://www.researchgate.net/publication/343668248\\_Critical\\_thinking\\_and\\_the\\_humanities\\_A\\_case\\_study\\_of\\_conceptualizations\\_and\\_teaching\\_practices\\_at\\_the\\_Section\\_for\\_Cinema\\_Studies\\_at\\_Stockholm\\_University](https://www.researchgate.net/publication/343668248_Critical_thinking_and_the_humanities_A_case_study_of_conceptualizations_and_teaching_practices_at_the_Section_for_Cinema_Studies_at_Stockholm_University). Accessed 12 May 2024, pp. 1-21.
- Nogerbek, Bayrzhан. *Ekranno-fol'klornye tradicii v kazahskom igrovom kino [Screen-folklore traditions in Kazakh feature films.]*. Almaty, RUAN, 2008, p. 12. (In Russian)
- Rahmankyzy, Nazira. *Kazahskoe kino: vchera i segodnya [Kazakh cinema: yesterday and today.]*. Astana, Foliant, 2017, p. 12. (In Kazakh)
- Fang, Karen. «Cinema Censorship and Media Citizenship in the Hong Kong Film Ten Years» *Surveillance & Society* 16(2), 14 July 2018, p. 144. <https://www.semanticscholar.org/paper/Cinema-Censorship-and-Media-Citizenship-in-the-Hong-Fang/56c3d5100b36eedb07002ef8e076ab49b8ea8e01>. Accessed 21 June, 2024.
- Nogerbek, Bayrzhан, and Nogerbek Baubek. *Kazahskoe igrovoe kino: ekranno-fol'klornye tradicii i obraz geroya [Kazakh fiction cinema: screen-folklore traditions and the image of a hero.]*. Almaty, Dastur, 2014. (In Russian)

Abikeeva, Gulnara. *Central Asian cinema (1990-2001)*. Almaty, Kompleks, 2001. (In Russian)

Frejlih, Semen. *Teoriya kino: ot Ejzenshtejna do Tarkovskogo [Cinema theory: from Eisenstein to Tarkovsky]*. Moskva, Akademicheskij Proekt, 2009. (In Russian)

Kusainov, Askarbek. *Kachestvo obrazovaniya v mire i v Kazahstane [Quality of education in the world and in Kazakhstan]*. Almaty, 2013. (In Russian)

Berliner, Todd. «Hollywood aesthetic: pleasure in American cinema.» *Canadian Journal of Film Studies*, Volume 26, № 2, 2017, p. 148. <https://www.jstor.org/stable/26532137>.

Smailova Inna. «Spor kinokritika s kinovredinoj» [“Dispute between a film critic and a film grump”.] Astana, *Byulleten’ ASIFA*, 2013, p. 41.

Nogerbek, Baubek. Na ekrane «Kazahfil’m [On the screen «Kazakhfilm»]. Almaty, RUAN, 2007.

«Your career in the motion picture, broadcast and multimedia industry awaits» *Official website of Sheridan college, bachelor’s program of «Film and TV»*, <https://www.sheridancollege.ca/programs/bachelor-of-film-and-television>. Accessed 23 August 2024.

Mitta, Aleksandr. *Kino mezhd u adom i raem [Cinema between hell and heaven]*. M., AST, 2016.

Nogerbek, Bayrzhan. *Kino Kazahstana [Kazakhstan cinema]*. Almaty, Nacional’nyj prodyuserskij centr, 1998, p. 52. (In Russian)

Kodzhaspirova Galina, and Kodzhaspirov Aleksei. *Pedagogicheskij slovar’ [Pedagogical dictionary]*. Moskva, Akademicheskij Proekt, 2009. (In Russian)

Borisova, Julia. *Associativnyj eksperiment v sovremennyh psiholingvisticeskix issledovaniyah [Association experiment in modern psycholinguistic research]*. *Psihologiya. Istoriko-kriticheskie obzory i sovremennye issledovaniya*, том 8, 2019, pp. 265–275. <http://publishing-vak.ru/file/archive-psychology-2019-1/31-borisova.pdf>. Accessed 14 September. (In Russian)

**Көпбай Гүлім**

Қазақстан ұлттық академиясының өнері мен Темірбек Жүргенов  
(Алматы, Қазақстан)

**МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ В НАЦИОНАЛЬНЫХ КИНОШКОЛАХ В КОНТЕКСТЕ  
СОВРЕМЕННОГО МИРОВОГО КИНЕМАТОГРАФА**

**Аннотация.** В данной исследовательской статье рассматривается методика обучения, применяемая в национальных киношколах Казахстана, в контексте современного мирового кинематографа. Автор акцентирует внимание на педагогических подходах и методологических особенностях образовательных программ высших учебных заведений, специализирующихся на подготовке кадров в сфере киноискусства. В качестве объекта исследования выбраны образовательные траектории по направлениям «Киноведение» и «Режиссура», содержание и структура которых подвергаются всестороннему анализу. В статье проводится исследование исторического влияния традиций и методологических основ советской системы кинообразования на развитие национальной кино-педагогике в Казахстане, а также на становление профильного сетевого обучения в ведущих киношколах Москвы и Санкт-Петербурга. Сравнительный анализ охватывает также системы кинообразования США и Канады. В рамках исследования данные программы рассматриваются сквозь призму таких категорий, как современность содержания, гибкость учебных планов, соответствие профессиональным требованиям и четкость целевых установок. *Результаты исследования* направлены на выявление эффективных методов и инновационных подходов в обучении кинопрофессиям, включая сравнительную характеристику педагогических практик и научно-методологических основ. В заключительной части статьи представлены научные выводы, полученные посредством сравнительного и SWOT-анализа. Кроме того, рассматривается историческая роль и профессиональное наследие деятелей, внесших значительный вклад в становление национального кинообразования. Завершает статью обоснование перспектив развития кино-педагогике и предложения по совершенствованию методики преподавания в отечественных киношколах.

**Ключевые слова:** киноискусство, казахское кино, казахское киноведение, кинорежиссура, методика преподавания, национальные киношколы.

**Для цитирования:** Гүлім Көпбай. «Методика преподавания в национальных киношколах в контексте современного мирового кинематографа». *Central Asian Journal of Art Studies*, т. 10, №2, 2025, с. 371–391, DOI: 10.47940/cajas.v10i2.949

*Автор прочитал и одобрил окончательный вариант рукописи и заявляет об отсутствии конфликта интересов.*

## Kopbay Gulim

Temirbek Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts  
(Almaty, Kazakhstan)

### TEACHING METHODOLOGY IN NATIONAL FILM SCHOOLS IN THE CONTEXT OF MODERN GLOBAL CINEMA

**Abstract.** This research article examines the teaching methodologies employed in Kazakhstan's national film schools within the context of contemporary global cinematography. The author focuses on pedagogical approaches and methodological features of educational programs offered by higher education institutions specializing in the training of professionals in the field of cinematic arts. The study centers on academic trajectories in the areas of Film Studies and Directing, with a comprehensive analysis of their content and structural components. The article explores the historical influence of the Soviet film education system's traditions and methodological foundations on the development of national film pedagogy in Kazakhstan. It also examines the formation of specialized network-based learning in leading film schools in Moscow and Saint Petersburg. Furthermore, a comparative analysis extends to film education systems in the United States and Canada. These programs are analyzed through the lens of key categories such as content relevance, curriculum flexibility, alignment with professional standards, and clarity of educational objectives. *The research aims* to identify effective methods and innovative approaches to film education, offering a comparative assessment of pedagogical practices and scientific-methodological foundations. In the concluding section, the article presents scholarly *findings* derived from comparative analysis and SWOT methodology. Additionally, it addresses the historical role and professional legacy of individuals who have made significant contributions to the establishment of national film education. The article concludes with a rationale for the future development of film pedagogy and recommendations for improving teaching methodologies in domestic film schools.

**Keywords:** film art, Kazakh cinema, Kazakh film studies, film directing, teaching methodology, national film schools.

**Cite:** Kopbay, Gulim. "Teaching methodology in national film schools in the context of modern global cinema." *Central Asian Journal of Art Studies*, Vol. 10, No. 2, 2025, pp. 371–391, DOI: 10.47940/cajas.v10i2.949

*The author have read and approved the final version of the manuscript and declare no conflicts of interests.*

**Автор туралы мәлімет:**

**Көпбай Гүлім** — «Кино тарихы мен теориясы» кафедрасының аға оқытушысы, PhD докторант, Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы (Алматы, Қазақстан).

**Сведения об авторе:**

**Копбай Гулим** — старший преподаватель кафедры «История и теория кино» Казахской национальной академии искусств имени Темирбека Жургенова, докторант PhD (Алматы, Казахстан).

**Information about the author:**

**Kopbay Gulim** — Senior Lecturer, PhD Student of the Department of Film History and Theory, Temirbek Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts, (Almaty, Kazakhstan).